

## Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 мамырдағы N 564 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 20-21 мамырда Минск қаласында (Беларусь Республикасы) өтетін Беларусь Республикасының өнеркәсіптік-инвестициялық әлеуетін зерделеу жөніндегі келіссөздерге, сондай-ақ 2004 жылғы 22 мамырда Ялта қаласында (Украина) өтетін Жоғары деңгейдегі топтың он екінші мәжілісіне Қазақстан Республикасы делегациясының қатысуы үшін оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Астана - Минск - Симферополь - Астана бағыты бойынша арнайы рейсті жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді беруші болып "Еуро-Азия Эйр" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде қызметті мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес қызметті мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының сақталуын;  
осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*